



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 24/409  
19 июня 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

### 23-Маусым – мемлекеттік қызметшілер күні

## МЕРЕЙЛІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ

2013-жылы Біріккен Ұлттар ұйымы 23-маусымды мемлекеттік қызметшілер күні ретінде жариялап, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бұл күн кәсіби мереке болып бекітілді. Жуықтап қалған атаулы күнге орай еңбегі сінген мемлекеттік қызметші жайында мақала дайындау үшін редакциядан тапсырма алып, қалалық әкімдікке хабарласқанмызда, қаладағы ең байырғы мемлекеттік қызметші, бүгінгі таңда Приозерск қаласы әкімі аппаратының АХАТ қызметінде еңбек етіп жүрген **Бахытгүл Балтабекқызы Мағзымованың** есімі аталған болатын. Бахытгүл Балтабекқызын 1996-жылдан бері жақсы танимын. Өзінің атқаратын қызметіне ұқыпты, артық-ауыс сөзі жоқ, жауапкершілікті сезіне білетін, көмек қажет болған жағдайда қол ұшын ұсынып, тіл жәрдемін аямайтын, заңнамалық жағынан ақылқеңесін беріп отыратын ол кісінің қоғамдық жұмыстарға да белсене араласатынын талай көріп, куә болғанмын. Реті келгенде өзіміз де ақыл-кеңесіне жүгінгенбіз. Бетіміз қайтып, тауымыз шағылған жері болған жоқ. Жасы үлкен, кіші демеі, бауырына тарта білетін қазақы қалпы да ауылдан алған ұлттық тәрбиенің жемісі деп білемін.

2000-жылы сол кездегі телевидение қызметкері Сәлима Мешітбайқызы екеуі бірігіп, «Ақ босаға» деген атаумен отбасылық құндылықтарды насихаттайтын бағдарлама жасап жатқанын айтқан еді. Осы шараға үлес қосуымды, ақын ретінде өлеңжырды көрсетуімді, бағдарламасын жасауға қол ұшын беруімді өтінген. Қоғамға пайдалы, елге үлгі болатын істен бас тартпадым. Бағдарлама барлық жағынан дайындалып, қатысушылар да белгілі болды. Ғасырлар тоғысындағы шараға отау құрғандарына 5, 10, 20... 65 жыл толған отбасылар қатысты. Жапырағын кенге жайған мәуелі бәйтеректей үлкен шаңырақ иелерінің өмірлік тәжірибелері мен отбасылық дәстүрлері, сүттей ұйған татулықтары мен береке-бірліктері жас отбасыларға сахыналанған көрініс ретінде көрсетілді. Мәдениет пен өнерден кенжелеп тұрған сол кезде бұл өткізілген шара жалпы қалаға үлкен серпіліс әкелген еді. Онда көркем-өнерпаздардың күшімен концерт берілді. Қала тұрғындарынан құралған көрермендердің ыстық ықыласына бөлеген аталмыш бағдарламаға дүйім халық ризашылықтарын білдірді. Сол шара әлі күнге көпшіліктің есінде. Оған мұрындық болып, ұйымдастыруына бар күш-қуатын жұмсаған Бахытгүл Балтабекқызы болатын. Тумысынан салмақты, еңбегін сатпайтын, бауырмал жанмен әлі күнге сәлеміміз түзу, ниетіміз ортақ, қуанышымызға тілеулес болып жүретін жандармыз.

Облысымыздың Шет ауданы, табиғаты әсем, топырағы киелі, елі жомарт – Ақшатау кентінің тумасы Б.Мағзымова 1956-жылдың 15-шілдесінде дүниеге келіпті. 1976-жылы Жезқазған қаласындағы педучилищенің оқуға түсіп, оны бітіргесін еңбек жолын Шет ауданындағы білім беру бөлімінен бастаған ол, әуелі «Балдырған» балабақшасында тәрбиеші, кейінше «Орджоникидзе» атындағы ұжымшардың балабақша менгерушісі болып қызметі жоғарылаған. 1978-83-ж.ж. Қарағанды мемлекеттік университеті құқық тану факультетінің күндізгі бөлімінде оқып, заңгер мамандығын алған. 1983-1986-жылдары Шет аудандық жинақ банкінің басшы-

сы, одан кейінгі жылдарда Ағадыр ауданының Қайрақты «Қайрақтыауыр-құрылыс» трестінде кадр бөлімінің бастығы, аудандық ІІБ паспорт-солының инспекторы қызметтерінде болған. 1996-1998-жылдары Приозерск қаласына көшіп келіп, әкім аппаратының заңгері, қаланың мемлекеттік нотариусы қызметтерін атқарды. 2000-жылдың қазан айынан бері әкім аппаратының АХАТ бөлімін басқаруда. 2014-жылы зейнетке шыққанымен, жоғарғы жақтың ұсынысымен осы қызметін жалғастыруда.

Азаматтық Хал Актілерін тіркеудің 7 түрі бойынша қызмет көрсететін бұл жұмыста қызметте болған 15 жыл ішінде Б.Мағзымованың алдынан екі мыңнан астам отбасын құрған жұптар өтіпті. Өкінішке қарай, осы мерзімде соның 811 жұбы дәмтұзы жараспағандықтан некелерін бұзған екен. Аталған жылдар ішінде дүние есігін ашқан 3690 сабиге туу туралы куәлік берілген. Үстіміздегі жылдың алты айында 65 жұп некеге отырса, 15 жұп өз некелерін бұзуға өтініш берген. Осы таңға дейін 132 бала дүниеге келіп, Бахыт Балтабекқызының қолынан туу туралы куәлік алышты.

Мемлекеттік қызметтің ауыры, жеңілі болмайды. Бәрінің де өзіне тән қағидаттары,



жуапкершілігі, жүктейтін міндеті бар. Ал, Б.Мағзымованың қызметінде қуанышты жағдайлар көп болғанымен, кейде жанына бататын, көңіліге кірпіт түсіретін жәйттер де кездесіп тұрады. Атазаның алдына өмір бойы бірге болуға ант берген жұбайлардың уақыт өте келе бір-бірімен отбасылық жарасым таппай, бір мәмілеге келе алмай, ажырасып жататыны, өмірге келген бейқұно сабилерді тірі жетімге айналдыратыны жүрегіне ауыр тиіп жататыны рас. Бұл кісі мұндай келенсіздіктерге мән бермей, көңілінен өткізіп жіберетіндер санатынан емес. Ажырасқалы келеген жұптарға ақыл-кеңесін айтып, бел бұған теріс қадамдарынан бас тартуға үндейді. Бұл қадамы өз нәтижесін беріп, жарасып кеткендер де кездеседі. Ал, дүние есігін ашып, өмірге келіп жатқан бөбектерге туу туралы куәлік беру – ол кісінің ең қуанышты күндерінің қатарына жатады.

Мемлекеттік қызметте ұзақ уақыттан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан, қала тұрғындарының ыстық ықыласы мен жылы лебізіне бөленген Б.Б.Мағзымованы және барша мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, алдағы қызметтеріне мол табыстар тілейміз!

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

### Медицина қызметкерлерінің мерекесіне орай

## БЕЙБІТ ЗАМАННЫҢ БАТЫРЫ

Қалалық орталық ауруханада халық денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп жүрген медицина қызметкерлері жетерлік. Дәрігер мамандығын таңдаған жандардан айрықша ұқыптылық, ыждағаттылық, сабырлық қасиеттерімен қатар, мол білім мен біліктілік талап етілетіні сөзсіз. Бұл ретте адам жанының арасышы болып табылатын білікті де, құрметті

дәрігерлер қатарында қалалық емханада психиатр-нарколог болып қызмет ететін **Қабылғазы Көшербаевтың** есімін ерекше атауға болады. Ес біліп, етек жапқалы бергі саналы ғұмырын осы мамандыққа арнаған тәжірибелі дәрігерді қала халқы жақсы таниды және құрметпен қарайды. Ол атқаратын қызметтің аты қорқынышты болғанымен, халық пен қоғам үшін әкелетін пайдасы

### Повышение финансовой грамотности населения

## СЕМИНАР-СОВЕЩАНИЕ КОФ НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА В ПРИОЗЕРСКЕ

16 июня в актовом зале акимата города прошло семинар-совещание по вопросам повышения финансовой грамотности населения. Для проведения семинара в город Приозерск прибыли сотрудники карагандинского областного филиала Национального банка Республики Казахстан во главе с директором филиала.



Открыл семинар директор карагандинского областного филиала Мажитов Д. с разъяснениями целей и задач проведения легализации денег и особенностей открытия и ведения сберегательного счета.

В продолжение программы семинара начальником отдела контроля финансовых организаций и защиты прав потребителей финансовых услуг Худякова А.В. дала подробные разъяснения присутствующим основных положений Программы рефинансирования ипотечных жилищных займов, начальник отдела контроля валютных операций Чеботарева Н.Н. С информацией о порядке оказания государственных услуг по выдаче лицензии на осуществление деятельности по организации обменных операций с наличной иностранной валютой уполномоченными организациями», «регистрации валют-

ной операции», «подтверждении уведомления о валютной операции или об открытии банковского счета в иностранном банке» выступила начальник отдела экономического анализа и статистики Зейрденева А.Б.

В ходе семинара, кроме того, были даны ответы на все интересующие вопросы (условия рефинансирования ипотечных жилищных займов, порядок обмена испорченных банкнот и др.).

**Пресс-служба акима города Приозерск**

ұшан-теңіз. Соңғы 12 жылын қаладағы емханада осы қызметке арнаған Қабекең қоғамда кездесетін кесіріл кеселдің алдын алуға, жолын кесуге, алдына келгендердің айығып кетуіне бағыттап келеді. Оның қабылдауына жүйке ауруының ауытқушылығымен келетіндермен бірге, ішімдікке салынған, нашакорлықтың құрығына түскен, сөйтіп қоғамға, отбасына залалын тигізіп жүргендер де бой көрсетіп жатады. Арасында дәрігерге қарсылық көрсетіп, өзіне ие бола алмайтын бейбақтардың да кездесіп қалатыны бар. Бұндай сәтте аса сабырлық, салқынқандылық қажет. Ұзақ жылдық жинаған тәжірибесі мен білігі мұндайда Қабекеңге көмекке келеді. Кей жағдайда түннің жарымында ішкіліктін немесе есірткінің әсерінен есірік күйге түскендердің үйлеріне барып, жедел көмек көрсететін жайттар да орын алып жатады. Өз мамандығына құрметпен қарайтын, адам баласына медициналық жәрдем беруді парызы санайтын Қ.Көшербайұлы мұндай сәттерге әрдайым дайын және бас тартқан емес.

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Шаған ауылында 1950-жылы дүние есігін ашқан Қабекең мектепте оқып жүргенде үздік-тердің қатарында болды. 1968-жылы орта мектептің оныншы сыныбын «Күміс белгімен» бітіріп, Семейдегі медициналық институтқа оқуға түседі. 1974-жылы аталмыш институтты психиатр дәрігер мамандығы бойынша бітірген. Осы жылдан бастап, 1993-жылға дейін Семей қаласындағы облыстық психиатрия ауруханасында өз мамандығы бойынша еңбек жолын бастаған. 1983-1997-жылдар аралығында ішкі істер органдарына қарасты түзету мекемесінде қызмет еткен ол, 1997-жылдан 2003-жылға дейін Шульбинск ауылындағы психиатриялық ауруханада жұмыс істейді. 2003-жылы Приозерск қаласына қоныс аударып, қазіргі атқарып жүрген қызметіне орналасқан. Ұзақ мерзімдік дәрігерлік тәжірибе адамдармен, науқастармен қарым-қатынас жасауды, дертіне дауа іздеп келген аурулармен тіл табысуды үйретті.

Науқастарды емдей жүріп, өмірдің өзінен үйренді.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

Қабылғазы Көшербайұлының халық денсаулығын қорғау саласындағы мүлтіксіз қызметі ескерусіз қалмаған. Ондаған мемлекеттік «Құрмет грамоталары», «Алғыс хаттар», 2005-жылы



алған «Денсаулық сақтау үздігі» төсбелгісі мен 1989-жылы марапатталған «Жеке ерлігі үшін» ордені осы қалтқысыз қызметтің арқасы. Орден алуының өзі Қабекеңнің азаматтығы мен көзсіз ерлігінен дерек береді. Түзету мекемесінде қызмет етіп жүргенде түрмедегілер бұлдік шығарып, бір дәрігер мен мейірбикені кепілге алады. Екі бірдей жанның өмірі сыңа түсіп, бастарына қатер төнгенін көрген Қабекең жедел шешім қабылдап, екі араға елшілікке жүруге бел байлайды да, екі жақтың бейбіт келісімге келуіне ара-ағайындық жасайды. Абырой болғанда, батылдық көрсеткен дәрігердің сөзі жүріп, екі медицина қызметкерін аман-есен босатып алуға қол жеткізген. Міне, осы жасаған ерлік ісі ескеріліп, омырауына орден тағады. Бейбіт өмірдің батырларына тән ерлігі өзгелерге үлгі етуге тұрарлық іс еді.

Қ.Көшербайұлы мен ақ желенді абзал жандарды төл мерекелерімен құттықтаймыз және денсаулық сақтау жолында үлкен жетістіктерге жете берулерін тілейміз!

Сүйінші хабар!..

## АРУЖАН – ТАҒЫ ЖЕҢІМПАЗ!..

Бұдан бірер ай бұрын № 1 қазақ орта мектебінің 3-сынып оқушысы Аружан Талғатқызы Бекенованың Алматыда өткен үлкен ән байқауынан бас жүлдені жеңіп алып келгені жайында қала тұрғындары мен газет оқырмандарына сүйіншілей хабарланған еді және Аружанның алдағы өнердегі жолына да қала халқы болып, соның ішінде сынып жетекшісі және ұстазы ретінде мен де жетістіктер мен жеңістер тілегенбіз. Аружан осы дара жеңісінен кейін сондағы қазылық еткен кісілердің қалауымен, маусым айында өткізілетін халықаралық өнер бәйгесіне қатысатын болып шешім қабылданған еді...

Аталған маңызды және жауапты өнер байқауына дайындық жұмыстарына сол кезден бастап кірісіп кеткен болатын. Өнердегі ұстазы, әнге баулып келе жатқан Гүлжан Рахаева мен анасы Рухия апайдың жарғақ құлақтары жастыққа тимей, байқау шарттарына орай дайындық жасады. Осы арада Аружанның денсаулығында аздап кінәрат та болған еді. Бұл жәйт анасы мен ұстазын алаңдатқанымен, дйындықты бір сәтке де тоқтатпауға тырысты. Сөйтіп жүргенде, Алматы жақтан: «2015-жылдың 8-10-маусым аралығында VII халықаралық «Ғұмырдария» ән байқауы өтеді» деген хабар да келіп жеткен. Алладан – медет, Пайғамбардан – шапағат тілеген анасы мен ұстазы Аружанды алып, аламан өнер бәйгесіне аттанып кеткен болатын. Артында біз әнші қызымызға тілегімізді тілеп, үлкен үмітпен қалғанбыз. Бұл өнер байқауына Республикамыздың жас өнерпаздарымен қатар, шет елдерден да «жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар», деп танылған кіл сандықтар қатысқан екен. Айтса, айтқандай, үш күнге созылған өнер байқауы аса тартысты өткен көрінеді. «Сыбызғы, сазсырнай» және «Құстар әні» әндерін шырқаған Аружанның даусы мен өнеріне тәнті болған қазылар алқасы әр ән аяқталғанша бастарын шайқап, тамсана тыңдаған көрінеді. «Алмас кездік қын түбінде жатпайды», деген осы да. Көмекейіне бұлбыл ұялаған кішентай әнші қыз көрермендердің де ыстық ықпалына бөленіпті. Қазылар алқасының шешімімен, Аружан Бекенова аталмыш ән байқауының I-дәрежелі лауреаты болып, ата-анасы, ұстаздары, мектебі ғана емес, бүкіл қала тұрғындарының мерейін үстем етіп, қаламыздың атын әлемге әйгілі етіп оралды.

–Аружан лауреат атанып, сахына сыртына шыққанда қасымызға өзін Булат деп таныстырған белгілі продюссер жігіт келді. «Мына қыздарыңыз болайын деп тұрған бала екен. Алдағы уақытта өнерлі қыздың бағын байламай, әрі қарай баули түсулеріңіз қажет. Даусында кінәрат жоқ. Болашақта Аружаннан мықты әнші шығады. Тек, жақсы тәрбиелеп, дұрыс бағыт беру керек. Мен бұл қыздың қазақтың жарық жұлды-

зы болтынына кәміл сенемін!..», деп, өзінің жылы лебізін, ақ батасын беріп кетті, – деді бізбен әңгімесінде Аружанның анасы Рухия апай.

Аружанмен бірге өнер байқауына қатысқан Тоғжан Мұқаш та дипломат атанып қайтты. Аружанға сынып жетекшісі әрі ұстазы болға-



ныма көп уақыт өтпесе де, оның сабақта екпінді, ізденімпаз, өз қатарларына қарағанда тәртіпті, әсіресе, ән дегенде ішкен асын жерге қоятын, өнерге жан-тәнімен ғашық, онсыз алдағы өмірін елестете алмайтын жігерлі қыз екенін танып, білгенмін. Ата-анасы қыздарына қатты алаңдап, үнемі менімен байланыс жасап отырады. «Мен танылып қалдым» деген ойдан аулақ, сыныптағы достарымен емен-жарқын әңгімелесіп, ойнап жүретін кішіпейілдігі де өз алдына жағымды қасиеттерінің бірі. Өзінің және мектебінің мерейін биікке көтеріп жүрген осындай шәкірттеріміз жетіліп келе жатқанына қуанамын. Алда Аружанды талай-талай додалы өнер байқаулары күтіп тұр және бұл асулардан да оның жеңіспен оралып, ел-жұртын қуанта беретініне сенім артамын, әрдайым тілеулесі болып жүремін.

Дәрігүл БЕКМҰРАТОВА,  
№1 қазақ орта мектебінің ұстазы.  
Суретте: А.Бекенова

### К сведению населения

## ЛИСТЕРИОЗ У ЖИВОТНЫХ

В 1892 г. впервые описал эту болезнь у кроликов Lucet, в 1926 г. E. Murray — у морских свинок и кроликов, D. A. Cill в 1931 г. — у овец, в 1936 г. у поросят — Т. П. Слабоспицкий.

Возбудитель: *Listena monocytogenes*, небольшая G+ палочковидная бактерия с закругленными краями, спор и капсул не образует, подвижна; факультативный аэроб, хорошо растет на обычных питательных средах. На МПА образуют в первые сутки роста мелкие колонии в виде росинок, на МПБ — легкое равномерное помутнение. На твердых средах может происходить превращение типичных для листерий S-форм в R-формы колонии. Листерий длительное время сохраняются во внешней среде. Погибают от действия 5%-ного раствора лизола или креолина через 10 мин; 2,5% раствора формалина — через 20 мин; раствора хлорной извести при содержании 100 мг активного хлора — в течение часа. Нагревание до 100°C убивает листерий через 5 мин.

**Эпизоотология.** Течение и симптомы. Восприимчивы: крупный рогатый скот, мелкий рогатый скот, свиньи, лошади, кролики, куры; наиболее чувствительны молодые и беременные животные.

**Источник возбудителя:** больные и переболевшие животные; основной резервуар в природе — грызуны.

**Пути передачи:** чаще алиментарный — с водой и кормом.

**Инкубационный период:** 7—30 суток.

**Симптомы:** у крупного рогатого скота последовательно — угнетение, вялость,

снижение аппетита, серозно-слизистые выделения из носа; на 3—7 сутки некоординированные движения, судороги, буйство, парезы, потеря зрения, конъюнктивит, стоматит, аборт, задержание последа, мастит; у телят — септицемия. У овец доминируют нервные явления, повышение температуры до 40,5—41С, потеря зрения; длительность болезни до нескольких суток, аборт, маститы. У свиней — исхудание, анемия, аборт. У кур — сепсис. Унутри чаще протекает в хронической форме у беременных самок и щенков до 2 мес.

**Патологоанатомические изменения.** Отек мозга, катаральная воспалительная слизистых оболочек, дистрофия, очаги в печени, увеличение селезенки, лимфатических узлов. Дегенеративные изменения и некротические очажки в печени.

**Диагностика.** В лабораторию направляют трупы мелких животных или голову (головной мозг), печень, селезенку, лимфоузлы, абортированный плод и его оболочки.

В лаборатории проводят бактериологическое исследование, метод люминесцирующих антител, серологические исследования (РА, РСК, РИГА).

Дифференциальная диагностика. Злокачественная катаральная горячка, бруцеллез, вибриоз, трихомоноз, болезнь Ауески, бешенство.

### Профилактика и лечение.

**Лечение:** успешно в начальной стадии применять антибиотики тетрациклинового ряда, ампициллин, сульфаниламиды. Проводят симптоматическое лечение (сердечные, дезинфицирующие, вяжущие средства).

## ЖЕНСКОЕ ЛИ ДЕЛО СЛУЖИТЬ В ПОЛИЦИИ?



Перед профессиональным праздником сотрудников полиции я решил изменить тактику взятия интервью и поставил перед собой цель ознакомления со службой женщин в органах внутренних дел. Посоветовавшись с руководством отдела внутренних дел, я направился в группу миграционной полиции, где работает основная часть женщин отдела. При входе в здание миграционной полиции меня встретила капитан полиции Копбаева Жанар Серикбаевна, исполняющая обязанности инспектора группы миграционной полиции. Она охотно



ответила на мои вопросы и рассказала о особенностях личной карьеры: службу в органах внутренних дел Жанар Серикбаевна начала в 1996 году в должности участкового инспектора по делам несовершеннолетних Старогородского отдела полиции УВД города Темиртау. В 2008 году была переведена в ОВД города Приозерск, где успела поработать помощником участкового инспектора, инспектором миграционной полиции и участковым инспектором по делам несовершеннолетних. В настоящее время она исполняет обязанности инспектора группы миграционной полиции.

— У нас в городском отделе полиции наряду с мужчинами служат немало женщин - рассказывает Жанар Серикбаевна. Все знают, что у нас служба тяжелая и сложная, зачастую приходится работать не считаясь с личным временем. Но мы, женщины, находим время и для воспитания детей, и для своей семьи. Ведь готовить и постирать тоже надо успеть. Сегодня государством создаются необходимые условия, имеются некоторые льготы для женщин. И всё-таки на первом плане всегда стоит служба. На службе женщинам приходится иметь дело не только с документами. Нужно уметь находить контакт с каждым гражданином, знать предьявляемые законодательством

требования по службе, предоставлять обоснованные ответы касающиеся служебных вопросов, на законных основаниях принимать меры по поступившим обращениям граждан. В любом деле нужен принципиальный подход — в первую очередь не должны быть ущемлены конституционные права и свободы граждан. Многие граждане жалуются на длительность процедур оформления документов по линии миграции. Но это обусловлено, в первую очередь, требованием миграционного законодательства РК. Бланки должны заполняться, должны быть получены ответы на соответствующие запросы. Без необходимых документов и оснований принятие дальнейших решений не возможно. Мы стараемся оказывать максимальную помощь всем гражданам в оформлении необходимых документов.

В отделении миграционной полиции работает 3 работница-женщины, которые в силу специфики нашего города выполняют объем работы, по нагрузке зачастую превышающей аналогичную в более крупных городах нашей области. Например, мы осуществляем следующие функции: оформление и направление материалов для рассмотрения в УМП ДВД по оформлению иностранцам и лицам без гражданства «разрешения на постоянное проживание в РК»; оформление и выдачу постоянно проживающим на обслуживаемой территории иностранцам и лицам без гражданства «вида на жительство» и «удостоверения лица без гражданства»; подготовку и направление материалов для рассмотрения в УМП ДВД по заявлениям лиц, постоянно проживающих на обслуживаемой территории «по вопросам гражданства РК, об определении принадлежности к гражданству РК лиц, постоянно проживающих на обслуживаемой территории»; ведение производства по делам об административных правонарушениях за нарушения миграционного законодательства; выдачу разрешений трудовым иммигрантам, осуществление розыска неплательщиков алиментов и должников по определению суда и т.д. Кроме того, личный состав группы принимает участие в проводимых ОВД оперативных профилактических мероприятиях по вопросам обеспечения соблюдения гражданами законодательства РК. Многие жители нашего города и приезжие обращаются по выше-указанным вопросам, а сотрудники группы миграционной полиции стараются помочь каждому обратившемуся гражданину.

В ходе беседы с Копбаевой Ж.С. мы убедились, что женщины в полиции выполняют очень важную и ответственную работу наравне с мужчинами, умудряясь при этом, находить время для поддержания тепла и уюта семейного очага.

И потому, поздравляя всех сотрудников полиции с профессиональным праздником и желая всем им здоровья и счастья, хотим особенно сердечно поздравить женскую часть коллектива разных служб городского отдела полиции! Душевного тепла вам, терпения и мудрости!

Б. Алшынкекулы

### Коррупции нет!

## КОРРУПЦИЯ – КАК СОЦИАЛЬНО-НЕГАТИВНОЕ ЯВЛЕНИЕ

Коррупция наряду с общей преступностью стала серьезным вызовом для государственной власти и общества в Казахстане. Отсутствие эффективного общественного контроля создают питательную среду для коррупции, которая на сегодняшний день является одной из самых актуальных проблем в современном обществе. Борьба с коррупцией - это задача не только государства, но всего общества. Эффективная борьба с коррупцией возможна только при активном участии в ней самих граждан.

В борьбе с коррупцией основное внимание необходимо уделять своевременному принятию предупредительных и профилактических мер. Сейчас ставится задача не просто наказывать, но, прежде всего, предотвращать коррупционные правонарушения. В соответствии со ст. 6 Закона

Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией» борьбу с коррупцией в пределах своей компетенции обязаны вести все государственные органы и должностные лица.

На данном этапе в управлении по защите прав потребителей проводится работа по правовой пропаганде обязательным привлечением к ней общественности и СМИ, возобновлена работа школ правового всеобуча. Существует телефон доверия управления 8 710 39 5 41 13., а также, функционирует принцип одного окна. Будущее города, республики, страны - в руках каждого из нас.

Н. Жонкебаева,

юрист Приозерского городского управления по защите прав потребителей

Для профилактики используется сухая живая вакцина из штамма ли-стерий АУФ против листериоза с/х животных.

Ветеринарно-санитарная экспертиза. Патологически измененные органы, кровь и головы от больных листериозом животных направляют в техническую утилизацию. Туши и внутренние органы без изменений обеззараживают проваркой или направляют

для изготовления вареных, варено-копченых колбас или консервов. Реализация мяса, субпродуктов и шпика от больных и подозрительных животных запрещена.

С. Т. Рымбекова,

главный специалист отдела ветеринарии города Приозерск



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМЕТІ

Ақорда, 17 маусым.

Бүгін Астанада, Медицина қызметкерлерінің күні қарсаңында Мемлекеттік хатшы Г.Н.Әбдіқалықова еліміздің денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері: медициналық жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер басшыларымен, ауылдық дәрігерлермен, жанашыл медиктермен, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету, санитарлық авиация дәрігерлерімен, фармация мамандарымен кездесті.

Гүлшара Әбдіқалықова өзінің құттықтау сөзінде Ұлт денсаулығы мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі болып табылатынын атап өтті.

Биылғы жылы «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы аяқталатыны белгілі. Осы жылдар ішінде медициналық ұйымды таңдау еркіндігі; медициналық көмек көрсету шараларының ашықтығы; медициналық қызмет көрсетудің бәсекелестік ортасының қалыптасуы; медициналық қызмет көрсетудің көлемі мен сапасына қарай ақырғы нәтиже бойынша қаржыландыру қағидаттарына негізделген Денсаулық сақтаудың бірыңғай ұлттық жүйесі құрылды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын-

да атап өткендей, тек «салауатты өмір салтын орнықтыру және медицинаны дамыту ғана қазақстандықтардың өмір сүру жасын ұзартуға мүмкіндік туғызады».

Соңғы 5 жылда қазақстандықтардың күтілген өмір сүру жасының ұзаруы отандық медицинаның қол жеткізген табыстарының айғақты дәлеліне айналды. Өмір сүру жасы 3 жылға ұзарып, 2014 жылы 71,6 жасты құрады. 2010 жылмен салыстырғанда ана өлімі 2 есеге қысқарды (2010 ж. – 22,7; 2014 ж. – 11,7), бала өлімі 1,7 есеге (2010 ж. – 16,54; 2014 ж. – 9,8). Қазақстан 2011 жылы Мыңжылдықтар дамуының төртінші және бесінші Мақсаттарына мерзімінен бұрын қол жеткізді.

Кездесу кезінде денсаулық сақтаудың, соның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсетуге, өңірлік ғылыми мамандандырылған медициналық ұйымдардың, ауылдық медициналық мекемелердің жұмысына байланысты және басқа да өзекті мәселелер талқыланды.

Кездесу соңында, Мемлекеттік хатшы Г.Н.Әбдіқалықова Жер бетіндегі ең ізгі мамандықтың иегерлері медиктерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, өздеріне және ем алушы сырқаттарға зор денсаулық, бақыт, еліміздің игілігі жолында жұмыстарына табыс тіледі.

## КАЗАХСТАНСКИЕ ИННОВАТОРЫ ВЫПУСТИЛИ ПРОДУКЦИЮ НА 33,3 МЛРД ТЕНГЕ

Астана, 15 июня 2015 г.

Об этом сообщило руководство АО «Национальное агентство по технологическому развитию» на брифинге в СЦК.

В течение 2014 года в Агентство поступило 280 заявок на получение государственных грантов на общую сумму 7 039,4 млн. тенге, из них по итогам осуществления отбора, проведения независимой экспертизы, проверки обоснованности заявленных затрат, Агентством заключено 38 договоров о предоставлении инновационного гранта на

сумму 641,1 млн. тенге.

В целом, в результате реализации проектов, поддержанных государством, создано более 1100 новых рабочих мест, уплачено 930,3 млн. тенге налогов, выпущено продукции на 33,3 млрд. тенге, получено 83 инновационных патента, зарегистрировано 4 товарных знака и подано 28 заявок на получение охранных документов. На 1 тенге государственных средств было привлечено 1,38 тенге частных средств.

## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА \*\*\* К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 2 НАУРЫЗДАҒЫ № 9/5 «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ».

Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 маусымдағы № 23/1 қаулысы. Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2015 жылдың 11 маусымында № 3252 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 01/04 «Қарағанды облысының жергілікті мемлекеттік басқару құрылымын және атқарушы органдарының штат санының лимитін бекіту туралы» қаулысы негізінде, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/5 «Приозерск қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3065 болып тіркелген, «Приозерский вестник» газетінде 2015 жылдың 3 сәуірінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) аталған қаулының мемлекеттік тілдегі тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын: «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы»;

2) мемлекеттік тілдегі қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын: «1. Қоса берілген «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.»;

3) мемлекеттік тілдегі ережеде тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын: «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі»;

4) мемлекеттік тілдегі ережеде 1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын: «1. «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.»;

5) ережеде 9 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын: «Мемлекеттік органның толық атауы: мемлекеттік тілде - «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі; орыс тілінде - государственное учреждение «Отдел образования города Приозерск».».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

## ПРЕСС-РЕЛИЗ

г.Қарағанды, 16 июня 2015 г.

16 июня 2015 года состоялась рабочая поездка заместителей председателя Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан депутата Мажлиса Парламента РК Тарасенко Е.И. и члена Центральной избирательной комиссии РК Сулеймен Л.Ж. в Карагандинскую область.

В рамках рабочей поездки состоялась встреча руководства Национальной комиссии с акимом Карагандинской области Абдибековым Н.К., в ходе которой были обсуждены вопросы политического и экономического продвижения женщин в регионе, вопросы «женского участия» в реализации пяти институциональных реформ, обозначенных Президентом страны для укрепления нашего государства.

Е.И.Тарасенко отметила, что приоритеты, а также задачи пяти институциональных реформ, будут реализованы с активным участием жен-

щин. Перед Национальной комиссией стоит важная задача по максимальному вовлечению женщин во все сферы общественно-политической и экономической жизни страны в рамках выполнения новых реформ. Основная наша работа сфокусирована на региональный уровень: обеспечение занятости женщин, повышение социальной ответственности бизнеса, поддержка женского предпринимательства, вовлечение женщин во все инфраструктурные проекты, реализуемые в рамках Новой экономической политики».

Во второй половине дня заместители председателя Национальной комиссии посетили ряд социальных объектов г.Карағанды и Темиртау, возглавляемых женщинами: ТОО «Карагандинский мелькомбинат», Дом ребенка «Шапағат», кризисный центр для женщин, попавших в трудную жизненную ситуацию ОО «Мой дом».

Ознакомились с работой историко-культурного центра Первого Президента Республики Казахстан.

## О ХОДЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПЛАНА НАЦИЙ – 100 КОНКРЕТНЫХ ШАГОВ

16.06.2015 г., г. Астана.

В СЦК при Президенте РК состоялась пресс-конференция с участием экспертного сообщества на тему: «О ходе реализации Плана наций – 100 конкретных шагов».

Казахстанский социолог Забирова А.Т. в своем выступлении заявила, что «для дальнейшего успешного продвижения рыночных реформ необходимо построение успешной институциональной среды. Именно сильные институты способны в период серьезных изменений продолжать хорошо работать, обеспечивая стабильность и преемственность в обществе».

Цель первой институциональной реформы – профессиональный государственный аппарат. «В стране, где многое принадлежит государству и решается государством, нужен профессиональный госаппарат – эту идею Президента поддерживают и отечественные социологи. Ориентация

на результат позволит развивать культуру современного госслужащего, основанную на профессионализме и постепенном карьерном продвижении – выразила уверенность отечественный социолог.

Выступивший на конференции профессор Родионов А. Н. к основным преимуществам пятой институциональной реформы отнес вовлечение общества в осуществление государственной политики, децентрализацию власти, информатизацию и развитие механизмов обратной связи.

«Расширение площадок для обсуждения. Активное вовлечение населения в обсуждение государственных услуг, в процессы их реализации. Вовлечение как в прямых формах (непосредственное участие), так и более опосредованное (через различные институты гражданского общества – имеет место необходимость.

### «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ОТ 2 МАРТА 2015 ГОДА № 9/5 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПОЛОЖЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»».

Постановление акимата города Приозерск от 4 июня 2015 года № 23/1. Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области 11 июня 2015 года за № 3252.

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», на основании постановления акимата Карагандинской области от 9 января 2015 года № 01/04 «Об утверждении структуры местного государственного управления и лимита штатной численности исполнительных органов Карагандинской области», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата города Приозерск от 2 марта 2015 года № 9/5 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел образования города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3065, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 3 апреля 2015 года) следующие изменения:

1) в указанном постановлении на государственном языке заголовок изложить в следующей редакции:

«Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы»;

2) в постановлении на государственном языке пункт 1 изложить в следующей редакции: «1. Қоса берілген «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.»;

3) в положении на государственном языке заголовок изложить в следующей редакции: «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі»;

4) в положении на государственном языке пункт 1 изложить в следующей редакции: «1. «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.»;

5) в положении пункт 9 изложить в следующей редакции: «Полное наименование государственного органа: на государственном языке – «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі; на русском языке – государственное учреждение «Отдел образования города Приозерск».».

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Казиеву Б.А.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин



## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

### ТҮРҒЫН ҮЙГЕ МҮҚТАЖДАР ЕСЕБІНДЕГІ КЕЗЕК РЕТІМЕН МЕМЛКЕТТІК ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҮРҒЫН ҮЙ БЕРІЛГЕН АЗАМАТТАР ТІЗІМІ

№	ТАЖ	Мекен-жай	Кезек нөмірі	санаты
1	Галиутдинов Равиль	Кисунько 15/1 үй, № 79 пәтер	1	жетім балалар
2	Мананков Валентин Константинович 03.09.1995 г.р.	Космонавтов 1/2 үй, № 52 пәтер	10	жетім балалар
3	Тургамбаева Кульсым Сеильбековна	Бульвар Советской Армии 38 «А» үй, № 23 пәтер	3	Жалғыз тұрғынжайы авариялық деп танылған азаматтар
4	Жайлыбаева Набира Шайдуллаевна	Космонавтов 1/2 үй, № 51 пәтер	1	халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары
5	Шукурбеков Ришат Тулекович	Бульвар Советской Армии 38 «А», № 15 пәтер	4	Жалғыз тұрғынжайы авариялық деп танылған азаматтар

Приозерск қаласының ТҮКШ, ЖЖАЖ бөлімі

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

### СПИСОК ГРАЖДАН, ПОЛУЧИВШИХ ЖИЛЬЕ ИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖИЛИЩНОГО ФОНДА СОГЛАСНО ОЧЕРЕДНОСТИ НУЖДАЮЩИХСЯ В ЖИЛЬЕ

№	ФИО	адрес	Номер в очереди	категория
1	Галиутдинов Равиль	Кисунько 15/1 кв. 79	1	Дети сироты
2	Мананков Валентин Константинович 03.09.1995 г.р.	Космонавтов 1/2 кв № 52	10	Дети сироты
3	Тургамбаева Кульсым Сеильбековна	Бульвар Советской Армии 38 «А» кв. 23	3	Граждане, единственное жилище которых признано аварийным
4	Жайлыбаева Набира Шайдуллаевна	Космонавтов 1/2 үй, № 51 пәтер	1	социально уязвимые слои населения
5	Шукурбеков Ришат Тулекович	Бульвар Советской Армии 38 «А», кв. № 15	4	Граждане, единственное жилище которых признано аварийным

Отдел ЖКХПТиД города Приозерск

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЕ

Қалалық мәслихаттың кезекті XXXXII – ші сессиясы  
2015 жылдың 23 маусымында сағат 11.00 – де өтеді  
Сессия төрағасы **Д.Дүйсембаев**

\*\*\*

Очередная XXXXII - ая сессия городского маслихата  
проводится 23 июня 2015 года в 11-00 часов.  
Председатель сессии **Д.Дюсембаев**

«Приозерск қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі жоғары техникалық және экономикалық білімі бар мамандар қажет етеді.  
Анықтама үшін телефондар: 5-41-53, 5-45-74, 5-30-06

\*\*\*

ГУ «Аппарат акима города Приозерск» требуется специалисты с высшим техническим и экономическим образованием.  
Телефон для справок: 5-41-53, 5-45-76, 5-30-06

Продается нежилое помещение – правое крыло 1-этажа 4-х этажного жилого дома по улице Достык, д.21 (бывшее помещение ЦОН г.Приозерск).  
Тел: 8-775-729-15-15

## ОРАЗА ТҮТУ ТӘРТІБІ

«Әй иманға келгендер! Бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза парыз етілді, мүмкін тақуалыққа жетерсіңдер».

Бақара сүресі, 183-аят

Маусым шілде айлары	Рамазан айының реті	Апта күндері	Ауыз бекіту уақыты	Ауыз ашар уақыты	Тарауық намазы
18	1	Бейсенбі	3:10	21:10	22:40
19	2	Жұма	3:10	21:10	22:40
20	3	Сенбі	3:10	21:10	22:40
21	4	Жексенбі	3:10	21:11	22:41
22	5	Дүйсенбі	3:11	21:11	22:41
23	6	Сейсенбі	3:11	21:11	22:41
24	7	Сәрсенбі	3:11	21:11	22:41
25	8	Бейсенбі	3:12	21:11	22:41
26	9	Жұма	3:12	21:11	22:41
27	10	Сенбі	3:12	21:11	22:41
28	11	Жексенбі	3:13	21:11	22:41
29	12	Дүйсенбі	3:13	21:10	22:40
30	13	Сейсенбі	3:14	21:10	22:40
1	14	Сәрсенбі	3:15	21:10	22:40
2	15	Бейсенбі	3:15	21:10	22:40
3	16	Жұма	3:16	21:09	22:39
4	17	Сенбі	3:17	21:09	22:39
5	18	Жексенбі	3:17	21:08	22:38
6	19	Дүйсенбі	3:18	21:08	22:38
7	20	Сейсенбі	3:19	21:07	22:37
8	21	Сәрсенбі	3:20	21:07	22:37
9	22	Бейсенбі	3:21	21:06	22:36
10	23	Жұма	3:22	21:05	22:35
11	24	Сенбі	3:23	21:05	22:35
12	25	Жексенбі	3:24	21:04	22:34
13	26	Дүйсенбі	3:25	21:03	22:33

Шілде айының 13-нен 14-не қараған кеш Құран аяттары түсе бастаған Қадыр түні. Бұл түн мың айдан қайырлы. Періштелер барлық істер үшін жерге түседі. Пайғамбар (с.ғ.с) айтқан: "Кім Қадыр түнін иманмен және сауап үмітімен өткізсе, оның күнәлары ғауа болады".

14	27	Сейсенбі	3:26	21.фев	22:32
15	28	Сәрсенбі	3:27	21.янів	22:31
16	29	Бейсенбі	3:28	21.00	22:30

Шілде айының 17, 18, 19 айт күндері. Айт намазы: 17-ші шілде күні таңғы сағат 08.00 – де мешітке оқылады.

Ауыз бекіту уақытынан кейін 10 минуттан кейін таң намазының уақыты кіреді.

Пітір садақасы: жан басына 200 теңге

Мешіт телефоны: 5-44-03; 87777589998

Сұрақтарыңыз болса хабарласыңыздар!

Приозерск қаласының мешіті

## ТҮЗЕТУ

Газетіміздің 2015 жылғы 1 мамырдағы № 17/402 санының 5-бетінде жарияланған Н.Алтынбайұлының «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» атты мақаласындағы алғашқы сөйлем «Қазақтық ақындық өнеріне лириканың соны соқпағын салған, ұлттық рухты алаш туының астына біріктіруге ерекше үлес қосқан өлең-сөздің зергері Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығына арналған «Мен жастарға сенемін» атты көркемөз оқу шеберлерінің қатысуымен өткен байқауға № 1 қазақ орта мектебінің оқушылары қатысты» - деп оқылсын. Орын алған оғаттық үшін № 1 жалпы білімдік орта мектептің ұжымынан кешірім сұраймыз.

«Приозерский вестник» газетінің редакциясы

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.  
Заказ № 24/409 Тираж: 500 экз., объем - 1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.